



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына –
«NUR OTAN» партиясы
фракциясының мүшелеріне

2021 жылғы 1 қыркүйектегі № ДЗ-243

Құрметті депутаттар!

Мемлекеттік бюджет есебінен салынған газ тасымалдау және газ тарату жүйелері нысандарын (бұдан әрі – газбен жабдықтау нысандары) пайдаланушы ұйымдардың теңгеріміне беру мәселелеріне қатысты мынаны хабарлаймын.

Құрылысы аяқталған нысандарды пайдаланушы ұйымдардың теңгеріміне беру рәсімдерін оңтайландыруға және мерзімдерін қысқартуға қатысты

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңға (бұдан әрі – газ туралы Заң) сәйкес газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік реттеу міндеттерінің бірі тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесін құру болып табылады.

Бұл ретте Ұлттық оператор газ туралы Заңға сәйкес тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілерін, тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінің объектілеріне ортақ меншік құқығындағы үлестерді және тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің меншік иелері – заңды тұлғалар акцияларының пакеттерін (қатысу үлестерін) сатып алуға мемлекеттің басым құқығын жүзеге асырады.

Газ және газбен жабдықтау саласындағы Ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» АҚ (бұдан әрі – ҚТГ) болып табылады. Газбен жабдықтау нысандарын пайдаланушы ұйымдар «Интергаз Орталық Азия» АҚ (бұдан әрі – ИОА) және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ (бұдан әрі – ҚТГА) болып табылады.

Бұл компаниялар ҚТГ құрамына кіреді, ол өз кезегінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (бұдан әрі – Қор) құрылымында орналасқан.

Әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) бюджет қаражаты есебінен салған газбен жабдықтау нысандары аталған қызмет көрсететін ұйымдардың теңгеріміне оның жарғылық капиталын төлеу жолымен Қор арқылы беріледі.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік туралы Заң) сәйкес республикалық мүлікті жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталына не акционерлік қоғам акцияларын төлеуге беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Осылайша қазіргі уақытта газбен жабдықтау нысандарын соңғы алушылардың теңгеріміне беру мынадай тетік бойынша жүзеге асырылады: ЖАО – ММЖК – Қор – ҚМГ – ҚТГ – ҚТГА немесе ИОА.

Бұдан алдын 2020 жылы соңғы алушылардың теңгеріміне газбен жабдықтау нысандарын тездетіп беру мәселесін пысықтау шіңберінде Қор және оның еншілес ұйымдары газбен жабдықтау нысандарын берудің қолданыстағы механизмін ұстану қажеттілігі туралы атап өтті, өйткені ол неғұрлым сенімді және сынақтан өткен механизм болып табылады.

Бұл ретте, өткен жылдан бері процесті жеделдету және тиімді жоспарлау мақсатында газбен жабдықтау нысандары соңғы алушылармен алдын ала келісіледі, одан кейін берілетін дайын нысандардың тізбесі айқындалатындығын атап өткен жөн.

Нысандардың берілмеуінің негізгі себептері нысандар бойынша құжаттамалардың жинақталмауы (*құқық белгілейтін және атқарушылық-техникалық құжаттаманың болмауы*), сондай-ақ құрылыс барысында жіберілген техникалық бұзушылықтардың болуы болып табылатындығын назарға ала отырып, терең талдау жүргізілді және оның қорытындысы бойынша республика бойынша тапсырылмаған барлық нысандардың тізбесі жасалды. Бұдан басқа, Үкімет деңгейінде мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қатысуымен кеңестер өткізіліп, олардың шеңберінде тиісті шаралар әзірленіп, тиісті тапсырмалар берілді.

Атап айтқанда, ЖАО-ға құрылыс барысында жіберілген ақауларды, техникалық сипаттағы олқылықтарды жою, сондай-ақ құқық белгілейтін және атқарушылық-техникалық құжаттаманы қалпына келтіру/дайындау және нысандар бойынша құжаттаманың толық пакетін пайдаланушы ұйымдарға беру тапсырылды.

Мәселен, бірлескен жұмысының қорытындысы бойынша бүгінгі таңда жалпы құны шамамен 107 млрд теңге болатын 484 нысанды беру жөніндегі Үкіметтің қаулылары әзірленіп, қабылданды.

Осы бағытта тиісті жұмыс жалғасуда.

Салалық ұйымдардың жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және инфрақұрылымдық нысандар құрылысын техникалық қадағалау жөніндегі жұмыстарды жүргізу процесіне қатысуына қатысты

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 желтоқсандағы Заңмен объектілерді пайдалануға қабылдау жүйесі реформаланды: объектілерді пайдалануға комиссиялық қабылдау алып тасталды және сәулет-құрылыс қызметі саласындағы бақылау мен қадағалау жүйесі реформаланды.

Бұрын мемлекеттік комиссия актісіне қол қою – комиссия мүшелерінің 20-дан астам қолтаңбасын жинау процесі болды, бұл қабылдау рәсімін едәуір кешіктірді және ешқандай жеке жауапкершілікті көздемеді.

Осылайша, құрылысқа тікелей қатысушылар (*тапсырыс берушілер, мердігерлер, техникалық және авторлық қадағалау*) құрылыс барысын тұрақты және тиісті бақылаумен қамтамасыз етпеді.

Қолданыстағы заңнамада құрылыс саласындағы жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілерге қойылатын базалық біліктілік талаптары белгіленген, оның ішінде:

- техникалық қадағалауды, авторлық қадағалауды және жобаны басқаруды қамтитын инжинирингтік қызметтерге;

- құрылыс жобаларының сараптамасын, ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігі мен тұрақтылығын техникалық тексеруді қамтитын сараптамалық жұмыстарға.

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңына сәйкес облыс әкімдіктерінің ведомстволық бағынысты аумақта белгіленген шекара шегінде жүзеге асырылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы құзыретіне объектілер құрылысының сапасына мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауын және қадағалауын жүзеге асыру, осы объектілерде сәулет-қала құрылысы тәртібін бұзушыларға «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінде белгіленген әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануды жүзеге асыру жатады.

Сондай-ақ жоғарыда көрсетілген Заңға сәйкес тапсырыс беруші салынған объектіні пайдалануға қабылдау мен беруді бекітілген жобаға сәйкес ол толық әзір болған және сәйкестік туралы декларация, құрылыс-монтаждау жұмыстарының сапасы және орындалған жұмыстардың бекітілген жобаға сәйкестегі туралы қорытындылар болған кезде жүргізеді.

Нысан құрылысындағы бұзушылықтар және бұзушылықтармен пайдалануға қабылданған жағдайда, нысанды пайдалануға қабылдауға қатысушылар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Сонымен бірге газ тарату желілері құрылысының тиімділігін арттыру үшін қазіргі уақытта Үкімет Қазақстан Республикасының газ саласын дамытудың кешенді жоспарын әзірлеуде, оның шеңберінде газбен жабдықтау нысандарын тікелей пайдаланатын ұйым ретінде газ және газбен жабдықтау саласындағы Ұлттық операторға газ инфрақұрылымы құрылысының бюджеті мен функциясын беру мәселелерін қарастыру жоспарлануда.

Осылайша, Үкімет газбен жабдықтау нысандарын қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету және нысандарды пайдаланушы ұйымдардың теңгеріміне беру жөніндегі барлық қажетті шараларды жүргізуде.

Р. Скляр

